

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова  
Academician E. A. Buketov Karaganda University

**Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға  
алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
10 сәуір 2024 жыл**



**МАТЕРИАЛЫ  
Первой НеКонференции студентов физико-технического факультета «Первые шаги к  
науке» посвященной дню науки, 10 апреля 2024 год**

*Организатор и редакционная коллегия*  
Сериков Т.М.

**Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің бірінші «Ғылымға алғашқы қадам» атты НеКонференциясы материалдары.– Қарағанды, 2024.–106 б.**

Жинақта Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өткізген, Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференция қатысушыларының баяндамаларының материалдары жарияланады.

***Конференция является частью учебного процесса по дисциплине «Основы научных исследований» и проводится для ознакомления обучающихся с формой проведения конференции!!!***

**Әскер Б.А** академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

**Амангелді А.Ж** академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

*(Ғылыми жетекші-доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М)*

## **Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІ ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (қаз. Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті) - мемлекеттегі акцияларының 100% коммерциялық емес акционерлік қоғамы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі), Қарағанды қаласындағы жоғары оқу орны. Университеттің рейтингіне келетін болсақ, Қазақстанның жоғары оқу орындарының 2017-2018 жылдардағы қызметін зерттеу нәтижелері бойынша білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз қазақстандық агенттік (БАҰО-IQAA) Қарағанды мемлекеттік университеті Қазақстанның үздік көпсалалы жоғары оқу орындарының Бас рейтингінде 3-орынды иеленді. 2020 жылы Қазақстанның үздік университеттері арасында 4-ші орында.[3]




1-сурет. Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Жалпы, мамандық таңдау мүмкіндігі балаға өзін-өзі анықтаудың құнды тәжірибесін береді және өзінің болашақ мансабын өзінің ерекше қызығушылықтары, қабілеттері мен құндылықтары негізінде құруға көмектеседі. Бұл тақырып қазіргі таңда актуалды мәселелердің бірі. Себебі, бұл біріншіден білім мен қоғамға зиян алып келеді. Егер адамдар өзінің қаламаған немесе өзіне қажетсіз жерде жұмыс істесе, олар өз жұмыстарын тиісті деңгейде орындау үшін қажетті дағдылар мен біліктілікке ие болмауы мүмкін. Бұл әртүрлі салаларда білікті мамандардың жетіспеушілігіне әкелуі мүмкін, бұл білім беру мен жалпы қоғамның дамуын әлсіретеді. Сондықтан біз әлеуметтік эксперимент жасауды шештік.

Біз сауалнама жүргізбес бұрын Қазақстан Республикасында қанша адам өз мамандығымен жұмыс істемейтіні туралы деректер іздедік. Жалпы 2 млн адам өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді екен. Бұл статистика соңғы 5 жылда 25 пайыздан

асып кеткен[1]. Жастар арасында бұл статистика 21 пайызды құрайды. Қазір жастардың өз қалауымен оқуға түспеуі, маман иелерінің тапшылығына әкеліп соғуда.

## ҚР жоғары сұранысқа ие өрі мамандары тапшы салалар, 2021 ж



Source: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі • Created with Datawrapper

Бұл статистика 2021 жылғы болсада, әліде өзекті мәселе болып тұр. Әлбетте бұл еңбек нарығынада әсер етеді. Соған орай еңбек министрлігі жас мамандарды жұмыспен қамтуды жүйелі түрде қолға алуда[2]. Жастарға өз мамандықтары бойынша жұмыс істеуіне мүмкіндіктер ашуда. Мысалға, ауылдық өңірлеуге мұғалімдерді шақыртуда. Мұғалімдерді жұмыспен қамтып қана қоймай, оларға сол өңірден үй беруде.

Осы орайда біз өзіміздің университетіміздегі студенттеріміздің арасында қаншалықты студент қалаған мамандықтарына түскені жайлы сауалнама жүргізіп көрдік.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің бакалавр бөлімінде оқитын студенттерден алынған сауалнама сұрақтары мен нұсқалары.

Сауалнамаға кіріспе: Не себепті 4 сұрақтан құрылған? Не себепті дәл осы сұрақтар? Сауалнама қалай алынды?

- Бұл сауалнама Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің бакалавр бөлімінде оқитын студенттерге бағытталған. Сауалнама 4 сұрақты қамтиды. Сұрақтар саны тез әрі шынайы жауап беруге бағытталған. Сұрақтар саны тақырыпты және зерттеліп отырған жұмыстың мақсатын толық қанағаттандырды. Сауалнама сұрақтары арқылы студенттердің түсу мақсатын, ҰБТ баллының шкаласын, мамандығын, квота қолданған/ қолданбағандығын біле аламыз. Бұл жауаптарды ала отыра қай мамандықтың студенттері ҰБТ- да ең көп балл жинағанын, қаншалықты өз мамандығын ұнататының көре аламыз.


1. Өз мамандығыңызға түсуіңіздің себебі қандай?
  - Өз арманымдағы мамандығым болғандықтан түстім
  - ҰБТ баллым осы мамандыққа жеткендіктен түстім
  - Бұл мамандыққа түсуіме ата анамның; туыстарымның; ықпалы болды
  - Себебін өзімде білмеймін, жауап беруге қиналамын
2. Сіз қай мамандықта оқисыз? Физика/ Физика-информатика мұғалімі (ФиИ/ФО) Естественная физика (ФЕ)
  - Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі (БЖД)

- Техникалық физика (ТФ)
  - Жылу энергетикасы
  - Көлік, көлік техникасы және технологиялары
  - Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру
  - Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар
  - Аспап жасау
3. ҰБТ баллыңыз
- 50-80
  - 81-100
  - 101-120
  - 121-140
4. Оқуға түсу кезінде арнайы квоталарды қолдандыңыз ба? (серпін, ауыл квотасы, Батыс өңірлерге берілген квота, педагогикалық квота)
- Иә
  - Жоқ




Бірінші сұрақтың нәтижесі бойынша жауап берген студенттердің 62% өз қалауы бойынша, 32% баллы жеткендіктен, 6% жақын адамдарының ықпалымен түскені белгілі болды. Бұл әрине қуантарлық нәтиже берді.

## 2. Сіз қай мамандықта оқисыз?



Екінші сұрақтың нәтижесі бойынша сауалнаманы өткен студенттердің 72% Фии/ФО студенттері, 22 % ФЕ студенттері, 6 % «Жылу энергетикасы» студенттері екені анықталды.


## 3. ҰБТ баллыңыз



Үшінші сұрақтың нәтижесі бойынша сауалнама алынған студенттердің көп бөлігі , яғни 46% 81-100 балл, 34% 50-80балл, 20% 101-120 балл жинағаны белгілі болды. Сауалнамаға қатысқан студенттер арасында 121-140 балл жинаған студенттер болмады. Бұл нәтижелерге сүйене отырып келесідей қорытынды жасадық:

- Көп балл 101-120 жинаған студенттердің көп пайызы педагогикалық мамандықта оқиды.
- Орташа есеппен алғанда 121-140 балл алған студенттерді факультетте кездестіру ықтималдығы төмен.
- 81-100 балл алған студенттер арасында педагогикалық және техникалық мамандықта оқитын студенттер де бар.

#### 4. Оқуға түсу кезінде арнайы квоталарды қолдандыңыз ба(серпін, ауыл квотасы, Батыс өңірлерге берілетін квота, педагогикалық квота)



Төртінші сұрақтың жауабы бойынша студенттердің көп бөлігі арнайы квота қолданбағаның көре аламыз. Бірақ, айта кететін жайт біздің университетімізде педагогикалық мамандықтарға арнайы педагогикалық квота бөлінетінін естен шығармау керек.

Сауалнама нәтижесі бойынша өз қалауы бойынша оқуға түскен балалар саны басымырақ болды және де біз мынандай қорытындыға келдік. Балаға мамандық таңдау мүмкіндігі үлкен маңызға ие. Оның бірнеше себептері бар:

Өзін-өзі анықтау және өзін-өзі дамыту: Балаға мамандық таңдау мүмкіндігі берілгенде, ол өзінің қызығушылықтарын, құмарлықтары мен қабілеттерін жақсы түсіне алады. Бұл оған шынымен не нәрсеге құмар екенін анықтауға және күш-жігерін осы саладағы дамуға бағыттауға көмектеседі.

Мотивация және қанағаттану: бала өзіне ұнайтын және оның бейімділігіне сәйкес келетін кәсіппен айналысқанда, ол табысқа жетуге ынталы болады. Бұл жұмыс пен жеке іске асырудан қанағаттанудың жоғары деңгейіне әкелуі мүмкін.

Кәсіби даму: бала өз мамандығын өз бетінше таңдағанда, ол осы салада оқуға және дамуға ұмтылуы ықтимал. Бұл болашақта табысты және қанағаттанарлық мансапқа әкелуі мүмкін.

Тәуелсіздік және жауапкершілік: Мамандық таңдау процесі балаға Тәуелсіздік дағдыларын дамытуға және өз шешімдері үшін жауапкершілікті қабылдауға көмектеседі. Бұл ересек өмірдің маңызды аспектілері және оны бүкіл мансабында сүйемелдей алады.

Жеке тұлғаны құрметтеу: баланың мамандығын таңдауды құрметтеу оның жеке тұлға ретіндегі даралығы мен құндылығын көрсетеді. Бұл өзіне деген сенімділік пен өзіне деген оң көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Мамандықтан шатасу-өзімізге жасаған өшпенділік екенін естен шығармаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

[1] [https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/kazakstanda-nege-tehnikalyyik-mamandar-tapshyi-337886/](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakstanda-nege-tehnikalyyik-mamandar-tapshyi-337886/)

[2] <https://azattyq-ruhy.kz/amp>

[3] <https://www.buketov.edu.kz/kz/page/bakalavr>

## МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

<b>Оразбай Е.К., Пазылхан Р.Б., Асылбеков Н.Д., Зекен Р. Кибералаяқтар.....</b>	<b>6</b>
<b>Аметова Д.Б., Иманов Д.Е., Алтаева А.Б., Сағидулла А.Б. Суицид среди студентов в Республике Казахстан.....</b>	<b>11</b>
<b>Бекенова.Г.К., Жалғасбаева.Ж.С., Серікжан А., Сапарова А.Б. Студенттердің жатақхана мен пәтер арасындағы таңдауы.....</b>	<b>17</b>
<b>Иманмұса Н., Әбдісерік М., Насұрлла Д., Жарова Ж. «Серпін» бағдарламасымен білім алушы студенттердің адаптация проблемалары.....</b>	<b>22</b>
<b>Саттыбай А.С., Әсілбек А.Н., Рахадыл Ә.А., Нарбева А.И., Жастардың әлеуметтік желіде уақыт өткізу статистикасы.....</b>	<b>26</b>
<b>Турысбеков А.М., Жұмаділлә Ж.Е., Орынбасар А.Т. Қазақ контенті-қоғам айнасы.....</b>	<b>30</b>
<b>Махметов М.Н, Маматова Д.Г., Женисбай А.Е., Байысова А.Б. Отношение студентов к проблеме окружающей среды.....</b>	<b>44</b>
<b>Апендина А.Қ., Нурболат Ж., Еркінбай А.Н., Орынбасар Н.Н., Қарағанды қаласының артықшылықтары мен кемшіліктері.....</b>	<b>49</b>
<b>Алшатова А.Н., Балташ Қ.Б., Турмаханова Б.К., Уалханова Ш.М. Қазақстан қалаларындағы адамдардың негізгі болмысы.....</b>	<b>54</b>
<b>Сардарова А.Ж., Файзуллаева Ж.Қ., Әскер Б.А., Амангелді А.Ж. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері таңдаған мамандығы бойынша мәселелері.....</b>	<b>58</b>
<b>Ақылбекова Н.Ж., Мейрханова Т.Қ., Аюев Е.Ж., Әбдіхалық Н.Т. Физика және нанотехнология кафедрасы студенттерінің жалғыздық деңгейі.....</b>	<b>64</b>
<b>Ергеш Б.Б, Аманкелді А.С. Қайыржан А.Қ, Илесбай Л.Қ, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттер үйінде туындаған мәселелер.....</b>	<b>70</b>
<b>Сатымжан Д.Р., Назарбаева Д.Н., Кошкинбай А.А., Ербол.А. Қазіргі студенттердің ұялы телефондарына сараптама. Ұялы телефонға студенттердің қатынасы.....</b>	<b>75</b>
<b>Қалаби Н.Б., Батырша Ф., Нуркина А.Б., Студент және жұмыс.....</b>	<b>79</b>
<b>Шмидт А., Қалдыбаева С.Ж., Зделеу Д.Е., Кумисбекова А.Т. Педагогикалық мамандыққа түсуге әсер ететін факторлар.....</b>	<b>81</b>
<b>Төлеубай Д.Ә., Ерлік Ә.Е., Сакенова Ж.К., Наурызбай А.Б. "Физика-техникалық" және "Математика және ақпараттық технологиялар" факультеттерінде студенттердің бакалавр бітіргеннен кейінгі жоспарлары.....</b>	<b>86</b>
<b>Абдиразакова Ж.К., Қазытай Ж.А., Рамазанова М.Х., Төлеутаева М.Е, Физика-техникалық факультетінің студенттерінің бір айлық орташа шығыны.....</b>	<b>92</b>
<b>Смағұл Т.Е., Ғанижан М., Мәжит Н.Н., Динахан Д. Студенттердің бос уақытын қалай тиімді өткізетінін анықтау.....</b>	<b>98</b>
<b>Итенов Д., Алмасқызы С., Бек Б. Қазіргі жастардың театр өнеріне деген көзқарасы және қызығушылығының деңгейі.....</b>	<b>104</b>